

“Гаухар” бөбекжай-бақшасы

“Мықты балақай”

(“Балбөбек” тобы жар

**Орындаған: Есбаева Перизат
Сарманова Айнұр
Саз жетекшісі, Баспаева Мейрамгуль**

2026 оқу жылы

Тақырыбы: "Мықты балақай"

Мақсаты:

Балалардың ептілігін, жылдамдығын, тапқырлығын дамыту, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар: Кіштоп балалары

Қажетті құралдар: доптар, кегли, баулинг добы, суреттер, медаль/грамота.

Жүргізушінің кіріспе сөзі:

Қайырлы күн, құрметті кішкентай спортшылар!

Бүгін балабақшамызда «Мықты балақай» атты көңілді спорттық сайыс өтеді.

Қазір ортаға біздің шымыр да шапшаң бүлдіршіндерімізді қарсы алайық!

Ендеше, сайысымызды бастайық!

Балалардың кілемшемен кіруі

(Көңілді әуен ойнайды. Балалар қолдарына жалауша ұстап, саппен залға кіреді.)

Біз бүгінгі сайысқа дайынбыз ба?

Балалар: Иәә!

Екі топқа бөліну

Жүргізуші:

Ендеше балалар, екі топқа бөлінейік.

Бірінші топ – «Қыран»

Екінші топ – «Тұлпар»

(кегли, доға сияқты кедергілер қойылады.)

Жүргізуші:

(Балалар екі қатарға отырады.)

«Шарларды табаққа салу» ойыны

(Екі топтың алдында кішкентай доп салынған түрлі-түсті табақтар тұрады.)

Жүргізуші:

Балалар, белгі бойынша шарларды жинап, табаққа саламыз.

Қай топ тез әрі дұрыс жинайды екен?

(Музыка қосылады. Балалар кезекпен жүгіріп, шарларды салады.)

«Боулинг» ойыны

(Алдын ала қойылған кеглилер.)

Жүргізуші:

Енді дәлдігімізді сынайық.

Допты домалатып, кеглилерді құлату керек.

Қай топ көбірек кегли құлатады екен?

(Балалар кезекпен ойнайды.)

«Кедергілер арасынан өту»

Ал енді ең қызықты кезең!

Балалар кедергілер арасынан еңбектеп, секіріп, айналып өтіп келуі керек.

Бұл ойын шапшаңдық пен ептілікті талап етеді!

(Музыкамен орындалады.)

Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгін барлық балақайларымыз өте белсенді болды.

Сендер шынымен де мықты балақайсыңдар!

(Мадақтау, медаль, алғыс хат табыстау.)